

2014 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № А-12/419 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 қаңтарда № 3956 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 01-05 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 08.01.2015 № 01-05 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 2) ұзақ уақыт жұмыс істемеген (бір жылдан көп) азаматтар;
- 3) мигранттар;
- 4) азаматтық қызметтен босатылғандар;
- 5) техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің бітірушілері;
- 6) ауырғаннан кейін емделу курсынан өткен, туберкулезбен ауыратын тұлғалар.

2. Осы қаулының орындауын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.К.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

А.Үйсімбаев

